

ISSN 2310-3353



«А. БАЙТҰРСЫНОВ
АТЫНДАҒЫ ҚОСТАНАЙ ӨңІРЛІК
УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ



ҚМПИ ЖАРШЫСЫ

ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

№ 3
2023



3. Қасқабасов С. «Қазақтың халық прозасы». – Алматы, 1984. – 272 б.
4. Нұржанова А. «Дүниенің қарабайыр бейнесі: фразеологиялық фрагменттің соматикалық коды». – Астана, 2010. – 24 б.
5. Кекілбаев Ә. «Елең – алаң» романы. – Алматы, 2010. – 317 б.

КАНАПИНА, С.Г., АЙТКАЗЫ, А.А.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ФРАЗЕОЛОГИЗМОВ В РОМАНЕ АБИША КЕКІЛЬБАЕВА «ЕЛЕН-АЛАН»

Абиш Кекілбаев-писатель, критик, публицист, политик, государственный и общественный деятель. Известное произведение писателя «Елен-алан» отличается богатым словарным запасом казахского языка. Сокровищница слов, дополняющая этот фонд – фразеологизмы. В статье использованы исследования и мнения ученых о фразеологизмах, раскрыто значение фразеологизмов, использованных в романе, проанализировано их использование по классификации Г. Смагуловой.

Ключевые слова: фразеологизм, писатель, роман, ученый, лексикология, этнолингвистика.

KANAPINA, S.G., AITKAZY, A.A.

THE USE OF PHRASEOLOGICAL UNITS IN ABISH KEKILBAYEV'S NOVEL «ELEN-ALAN»

Abish Kekilbayev is a writer, critic, publicist, politician, statesman and public figure. The famous work of the writer «Elen-Alan» is distinguished by a rich vocabulary of the Kazakh language. A treasure trove of words complementing this fund are phraseological units. The article uses research and opinions of scientists on phraseological units, reveals the meaning of phraseological units used in the novel, analyzes their use according to the classification of G. Smagulova.

Key words: Phraseology, writer, novel, scientist, lexicology, ethnolinguistics.

ӘОЖ82.0(574)

Мырзағалиева, К.М.,

Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің қауым. профессоры

Нұрсұлтанова, А.С.,

педагогика ғылымдарының магистрі, психология кафедрасының оқытушысы

А. Байтұрсынов атындағы

Қостанай өңірлік университеті

Қостанай. Қазақстан

ЕРЕКШЕ, ЕРКІН, ЕРКЕ ӘН

Түйін

Тәңірберген Молдабай

Малға жарлы болса да,

Айтар сөзге, тілге бай...

Сөйлер сөзге келгенде,

Орынбордың алдында,

Тағалаған жорғадай, -

деп басталатын қазақтың ойнақы, күлдіргі, еркін құйылып, сан құбылатын ерке де, екпінді, жігерлі, қимыл-қозғалысқа жетелеп, тыңдаушының делебесін қоздыратын «Молдабай» әнін білмейтін қазақ некен-саяқ шығар?!

Мақалада осы әннің шығу тарихы, орындаушылары жөнінде әңгіме болады.

Кілт сөздер: әнші, халық әні, композитор, өнер, асыл мұра.

1 Кіріспе «Молдабай» әнін алғаш (1935 жылдың жазында) орындаушы – әнші, жыршы, әзіл – күлкі сөздің шебері – Әли Құрманов.



Әли Құрманов Ақтөбе облысының Шалқар ауданына қарасты оныншы ауылында «Шұбар ши» деп аталатын жерде дүниеге келген. Әкесі – Төлеміс домбыра тартқанымен, оны өнер деп танып, әрі қарай дамыта қоймаған, қатардағы шаруа адамы болған.

Ахмет Жұбанов Әлидің шешесі Аққыздың (азан шақырып қойған аты Ұмсындық) асқан домбырашы, әнші болғанын, 1934 жылы Әлидің үйіне барғанында қолына домбырасын алып, Көкілдің бір күйін тартып бергенін, сол анасының әсерімен Әлидің бала күнінен домбыраға, әнге, жырға үйір болғанын айтады. «Ол маңайда әйгілі Әкімгерей, Қабақ Пұсырман, Алтынбай Жаппарберлі, Жақайым Жаңаберген жыршылар, Әбдіразақ, Жаңғылыш Төреқан әншілер болды, – дейді автор. Осылардың арасында жас Әли де жүріп, ел аралап, өнер қуды. Жасы 17-18-ге келгенде Әли сол арада аты белгілі талапкер, өнерпаз болып аты шығады. Осы кездерде Әлидің өзінің айтуынша, ол белгілі Тәңірберлі Молдабай әншіні көреді. Молдабайдың өз атымен аталып кеткен әнін шебердің өз аузынан есітеді. Атақты Үсен домбырашы Орынборда базарбасы болып тұрғанда Молдабай сол базардың рухани жағын көтеруші, дем беруші, сәні болады. [1;379-380 бб.]

2 Материалдар мен әдістер

А.Жұбанов өнер саңлақтарының аты-жөнін атағанда «Қабақ Пұсырман, Алтынбай Жаппарберлі, Жақайым Жаңаберген» деп қай рудан шыққандарын есімдерінің алдына қойып жазған. Осы сияқты «Тәңірберлі Молдабай» деп Молдабайдың Тәңірберлі руынан екенін де көрсетіп отыр. Яғни, «Тәңірберген Молдабай» деген сөз жансақ айтылған, қағыс естуден кеткен қателік. Дұрысы «Тәңірберлі Молдабай».

Дәлірек айтқанда, Молдабай –Таманың Әліппке кіретін Аташал тармағынан, Аташалдан Тәңірберлі, Тәңірберліден – Сары, Сарыдан – Жолбарыс, Жолбарыстан – Торғай. Молдабай Торғаев болып жазылған екен.

Молдабай әні тұңғыш жоғарыда аты-жөні аталған Әли Құрмановтың айтуы бойынша нотаға да түсірілген.

Тәңірберлі Молдабай 1858 жылы бұрынғы Торғай облысы, Ақтөбе уезінің Бөрлі болысына қарасты (дұрысы Бөрілі шығар? – С.О) үшінші ауылда дүние есігін ашып, 1923 жылы өмірден өткен.

Илия Жақанов, Сейітқали Жанғалиев, Жақсат Қарылғашев, Елена Онискова ел аузынан Молдабайдың «Қойшының әні», «Бестоспа», «Замана азғанда», «Сусар-ай» әндері мен Алтынқызбен айтысып жазып алыпты [2; 4].

Сондай-ақ М. Торғаевтың «Бозбала, жастық шағың шекер балдай» деп аталатын әні де болған. Оны М. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының қорына тапсырған Балтабай Адамбаев та, жинаушы- Ғалымжан Мұқатов. Талантты сазгер Молдабайдың қабірі Ақтөбе облысының Мәртөк ауданындағы Күшікбай суы жағасында.

Арада ғасыр өткенде ғана Тәңірберлі Молдабай Торғаевтың кім екендігі анықталып, сан қырлы әншінің 160 жылдық мерейтойына орай «Молдабай тілге шешен, әнге бай» атты кітап жарық көрді. Авторы профессор, молдабайтанушы Еркін Құрманбек.

«Молдабай» әнін Шәкен Айманов:

Мен Алдармын, Алдармын,
Сақалымды талдармын,
Талдауға жұртты жалдармын.
Сақал түгіл, мұрт та жоқ,
Қылығым менің жұртта жоқ,
Сайтанды да алдадым,-

деген мәтінмен «Алдардың әні» деп «Алдар көсе» кинофильмінде пайдаланса, Шара Жиенқұлова осы әнді орындап, әуенімен билеген.

Атақты биші апамыз «Өмірім менің- өнерім» атты ғұмырнамалық кітабында ән орындап тұрып билеу өте қиын екенін айтады. Бұл өнерді алғаш Тамара –ханум бастапты. Оны Шара, кейін Шараның талантты шәкірті, биші Нұрсұлу Тапалова жалғастырған.

Ш. Жиенқұлова концерттің бірінші бөлімі әдетте, қазақтың халық әндерінің негізінде құрылған шағын миниатюра іспетті номерлердің тұратынын баян етіп: «Туған халқымыздың жер-жердегі әндік, костюмдік, орындаушылық ерекшеліктерін пайдалануға тырыстым,- дейді-. Миниатюра дейтінім –әр номердің мөлтек уақиғасы, драмасы болады. Соған сай би элементтері қойылады.

3-4 Нәтижелер мен талқылау

Мәселен, «Молдабай» – халықтың күлдіргі әні. «Тәңірі берген Молдабай, малға жарлы болса да, айтар сөзге, тілге бай». Кедейліктен жұлыны көрініп жүрсе де, көңілі-көктем, жаны-жаз, жарқын жастық кейпін бердім. Басымда мыжырайған тұмақ, аяғымда қонышы қақыраған етік. Көнөтоз шапан, қолымда- домбыра. Қай тойдың, қай жиынның сәні, «қыз-қырқынның көкемайы» – бұл жігіт нағыз жастық көркі. [3;170 б.]



Жүсіпбек Елебековтің айтуы бойынша Молдабай өте өнерлі, қимылы ширақ, әнге жүйрік, домбыра шертісі де тым бөлек жан болыпты. Молдабайға ешкім, ешуақытта « Төрге шығыңыз» демейтін көрінеді. Олай дегендерге кәдімгідей ренжіп бұрқан – тарқан болады екен. Неге десеңіз, Молдабай үйге кіріп келіп, қазақша молдас құрып отырып домбырасын қолына алып « Молдабайдың әнін айтып, ерсіл-қарсыл қимылдап , сырғып төрге шығып кететін көрінеді. Әнін төрде аяқтап, содан кейін барып дәмнен ауыз тиеді екен [4].

Енді бір деректе Молдабайдың еркін ғұмыр кешкені, күнделікті күйбең тірлікте қырсыз болғаны, ертедегі сал-серілер ізін жалғап, ат үстінде, той-думан, ойын-сауық, өмірі халық арасында өткені, құс салып ит жүгірткені айтылады. Алайда 1920 жылдары ел ашаршылыққа ұшыраған тұста қатты күйзеліп, шалқып жүрген Молдабайдың күрт еңсесі түсіп, қабағы ашылмай қойыпты. Туып-өскен жері Мәртөктің төңірегін орыстар мен хахолдар иемденіп, жергілікті елдің тынысы тарыла бастайды. Арақ-шараптың не екенін білмейтін бейкүнә жұрт бұл сұмдыққа да бой алдырып, жастар жағы олардың өрескел әдетіне ойыса береді. Соған жаны күйген, исламның игі қасиеттерін бойына сіңірген Молдабай:

«Заман азғанда жақсы кісі қалада болады,
Жақсы ат доғада болады.
Тайынша мен танаға жүк артылар дер еді,
Қарап тұрған жігітке қыз артылар дер еді.
Мөңке би айтты дер еді,
Мөңке би айтқаны келеді»,-
деп мұңға батады екен. [5.]

5 Қорытынды

«Молдабай» әнін алғаш халыққа Әли Құрманов жеткізсе, кейін Қали Байжанов, Бекболат Тілеуханов, «Қоңыр» тобы орындаған.

Бұл ән сахнадан түскен емес, жер-жерде айтылып жүр.

Қали Байжанов, бұл әнді 79 жасында ұнтаспаға жаздырған. Кейін Жақсылық Сәрсенғалиевтың, Әлмырза Ноғайбаевтың айтуында ұнтаспаға басылған.

Қостанайда «Молдабай» әнін нәшіне келтіріп орындайтын Елубай Өмірзақов атындағы филармонияның әншісі Манапбек Кәдіров.

Әнші-композитор Марат Ілиясов құрастырған «Қазақ әндері», [6;] сондай-ақ Алматының «Жазушы» баспасынан шыққан «Қазақ әндері» [7; 57-58 бб.] жинағында жарық көрген «Молдабай» әнінің мәтіні бірдей, екеуі де қысқа, толық емес.

Талантты әнші Талғат Әбдуғазы орындап жүрген толық нұсқасы төмендегідей:

Тәңірберлі Молдабай,
Малға жарлы болса да
Айтар сөзге тілге бай.
Сөйлер сөзге келгенде,
Орынбордың алдында
Тағалаған жорғадай.
Сөйле, тілім, жалықпа,
Тыңдар сөзің бар ма екен?!
Сіздің айтқан халыққа,
Айтарыңды анықта,
Алтын құстай шалықта.
Жақсы менен жаманды
Қаусырма жақ, қызыл тіл
Көп ішінде анықта.
Молдабайдың әні еді,
Осылай қылып ән салсам,
Домбыраның сәні еді.

Алтын қалпақ, жез телпек
Хандар киген көзіне.
Кімдер әуес болмаған
Молдабайдың сөзіне.
Ақ жібегі болмаса,
Үйдің сәні келмейді.
Шым ораулы болмаса,
Шидің сәні келмейді.
Егескен жауын мұқатпай,
Ердің сәні келмейді.
Қара жерден қар кетпей,
Көкорай шалғын, жер кеппей,
Жердің сәні келмейді.
Қыз боз бала жиылмай
Жырдың сәні келмейді...
Молдабайдың әні еді,
Осылай қылып ән салсам,
Домбырамның сәні еді. [8]

Музыка мамандарының айтуы бойынша талай операның арқауы боларлық нақышты да ойнақы әннің «бақытын байлаған» мәтіндегі «алтын қалпақ, жез телпек хандар киер көзіне» деген бір жол екен. Композиторлар сол кездегі солақай саясатқа байланысты «хандарды мақтадың» деп осы бір тармақтан сескеніп, операларына қоса алмапты.

Молдабай көзі тірісінде «Сөйле, тілім, жалықпа, жақында жақсы халыққа», – деп бар өнерін, өмірін еліне арнаса, енді кейінге қалдырып кеткен асыл мұрасы халқына қызмет етуде. Бұл игі іс жалғаса бермек.

Әдебиеттер тізімі

1. Жұбанов А «Замана бұлбұлдары – Алматы: «Дайк-Пресс, 2001. – 379-380 бб.
2. Қабақбаев Ж. «Айтар сөзге, тілге бай...» // Ана тілі, 14-21 желтоқсан, 2017.
3. Жиенкұлова Ш. Өмірім менің – өнерім. – Алматы: «Жазушы, 1983. – 170 б.
4. Байдәулет Қ. Алдардың әні емес, Молдабайдың әні 11 Айдын, 16 шілде, 2013.
5. [https:// vk.com/ wal-45815360_606](https://vk.com/wal-45815360_606)
6. Марат Ілиясов құрастырған «Қазақ әндері», Алматы: Қазақакпарат, 2013.
7. Қазақ әндері. Екі томдық. – 57-58 бб.
8. Айқын, 16 шілде, 2013.

МЫРЗАҒАЛИЕВА, К.М., НҰРСҰЛТАНОВА, А.С. ОСОБАЯ, СВОБОДНАЯ, МУЖЕСТВЕННАЯ ПЕСНЯ

Танирберген Молдабай

Хоть и беден скотом,

Речь его безумно богата...

Как только дело доходит до разговоров,

Он словно подкованная лошадь, красноречив и интересен,

так начинается песня «Молдабай», которую знает каждый казах, начинающаяся игривой, веселой, вольготной, мужественной, бодрой, энергичной, трогательной и захватывающей?

В статье речь идет об истории возникновения этой песни, ее исполнителях.

Ключевые слова: *певец, народная песня, композитор, искусство, ценное наследие.*

MYRZAGALIEVA, K.M., NURSULTANOVA, A.S. SPECIAL, FREE, COURAGEOUS SONG

Tanirbergen Moldabay

Though poor in livestock,

His speech is insanely rich ...

When it comes to talking

*He is like a shod horse, eloquent and interesting,
this is how the song “Moldabai” begins, which every Kazakh knows, starting with a playful, cheerful, free,
courageous, cheerful, energetic, touching and exciting?*

The article deals with the history of the emergence of this song, its performers.

Key words: *singer, folk song, composer, art, valuable heritage.*

УДК 374.1

Шумейко, Т.С.,

*кандидат педагогических наук,
ассоциированный профессор,
профессор кафедры физики,
математики и цифровых технологий
Костанайский региональный университет
имени А. Байтурсынова
г. Костанай, Казахстан*

Зубко, Н.Н.,

*заместитель директора
КГУ «Школа технического творчества детей
и юношества отдела образования
города Костаная» Управления образования
акимата Костанайской области
г. Костанай, Казахстан*

ЭКСКУРСИЯ КАК ФОРМА ОРГАНИЗАЦИИ РАЗЛИЧНЫХ ВИДОВ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ В ДОПОЛНИТЕЛЬНОМ ТЕХНИЧЕСКОМ ОБРАЗОВАНИИ

Аннотация

В статье представлены результаты теоретического анализа научных трудов по проблеме экскурсионной деятельности, обоснование методологии исследования и описание экскурсии как научно-педагогического феномена. Обобщен опыт КГУ «Школа технического творчества детей и юношества отдела образования города Костаная» Управления образования акимата Костанайской области по организации экскурсии для разных субъектов образовательного процесса; раскрыты содержательные основы различных видов экскурсий для школьников, студентов, родителей воспитанников школы технического творчества и особенности организации этих видов экскурсий. Предложена классификация экскурсий в организациях дополнительного технического образования детей на основе выделенных критериев, таких как сфера деятельности, цель экскурсии, решаемые дидактические задачи, вид деятельности обучающихся, статус экскурсантов.

Ключевые слова: *экскурсия, классификация экскурсий, экскурсия в техническом творчестве, обзорная экскурсия, образовательная экскурсия, производственная экскурсия, обобщение опыта экскурсионной деятельности*

1 Введение

Современное общество и образовательная система характеризуются повышением внимания к развитию технического образования. Такая тенденция обусловлена достижениями технических наук, инженерной и производственной практики; быстрыми темпами развития производственных и IT-технологий; потребностями экономики во внедрении новых научно-технических и технологических разработок в производство. Актуальность решения задачи развития инженерного образования, поставленной в Стратегии «Казахстан-2050», не